

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ РЕКТОРАТЫНЫҢ
2019 ЖЫЛҒЫ 15 СӘУІРДЕГІ

ҚАУЛЫСЫ

1. *Біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығының директоры А.А.Семченконың* «Біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығының қызметі және даму болашағы» туралы есебін тыңдай отырып, **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ**

ҚАБЫЛДАДЫ:

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	<i>Біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығының директоры А.А.Семченконың</i> «Біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығының қызметі және даму болашағы»	<i>А.А.Семченконың</i> «Біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығының директоры <i>А.А.Семченко</i> туралы – ақпараты назарға алынсын.	
2	Алматы қалалық білім басқармасымен мектеп мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курстарын өткізу туралы келісім жасалынсын.	<i>Біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығының директоры А.А.Семченко</i>	30.06.2019
2.1	ҚазҰПУ-дың 2019 жылғы жазғы мектебі аймақтық педагогикалық жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен өткізілсін.		30.06.2019
3	Мектеп бағдарламасындағы оқытудың соңғы әдістерін зерттеп, практикаға баратын білім алушыларды дайындау мақсатында базалық мектептерде 20-30 сағаттық жұмыс жүргізбей, білім беру үрдісіне үлес қоспаған әдістемеден білім беретін оқытушыларға ранжирлеу кезеңіндегі балып төмендегу туралы ұсыныс дайындап, бекіту жүктелсін.	<i>Біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығының директоры А.А.Семченко</i> Даму стратегиясы және сапаны сараптау директорының орынбасары <i>Т.Ж.Тасболатов</i>	30.06.2019
4	Жазғы мектеп оқыту үрдісіне «Тәрбие бағдарламасын» қосып оқытудың жоспары дайындалсын.	<i>Бірінші проректор М.А.Бектемесов</i> <i>Біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығының директоры А.А.Семченко</i> <i>Білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдина</i>	
4.1	Жазғы мектеп бағдарламасы дайындалып, бекітуге ұсынылсын		10.05.2019
4.2	Біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығының, қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқытын студенттерге арналған білім беру бағдарламалары бойынша жұмыстарды орындау мүмкіндігі туралы мәселе қарастырылып, ұсыныс беру жүктелсін		30.05.2019
4.3	Қашықтықтан оқытудың қосымша білім беру бағдарламасына жауаптылар тізімі нақтыланып, өткізілу формасының регламенті дайындалсын		30.05.2019
4.4	Қашықтықтан оқытудың білім бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешендері дайындалып, талапкерлерге арналған қабылдау жұмыстары туралы ақпарат дайындалсын.		

5	Қашықтықтан оқытудың оқу ақысының көлемін сәуір айындағы Ғылыми кеңесте бекітілсін.	<i>Біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығының директоры А.А.Семченко Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы</i>	
---	---	--	--

2. *Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлының «Институттардағы кәсіптік бағдар беру жұмысының барысы және орталықтың Монғолияға іс-сапары туралы» есебін тыңдай отырып, РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ*

ҚАБЫЛДАДЫ:

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	<i>Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлының «Институттардағы кәсіптік бағдар беру жұмысының барысы және орталықтың Монғолияға іс-сапар есебі» туралы ақпараты - назарға алынсын.</i>		
2	Қабылдау комиссиясы университетке колледж бітіруші түлектерді көптеп тарту мақсатында, колледж бітіруші түлектерден құжат қабылдау жұмыстары колледж базасында ұйымдастырылсын.	<i>Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы</i>	10.05.2019
3	Университеттің бакалаврит мамандықтарын үздік бітірушілерді магистратураға және үздік бітіруші магистранттарды докторантураға түсуге тарту мақсатында үміткерлерге шет тілі және арнайы емтихан бойынша қосымша сабақ өткізу кестесі бекітіліп, дайындық жұмыстары күшейтілсін.		30.06.2019
4	Колледжден кейінгі 3 жылдық қысқартылған оқу бөліміне және екінші жоғары білімге, магистратура және докторантура мамандықтары бойынша қашықтан оқыту арқылы талапкерлерді көптеп тарту мақсатында оқу жоспарлары қайта қаралып, силлабус, оқу-әдістемелік кешендері дайындалып, 2019/2020 оқу жылына қашықтан оқыту арқылы талапкерлерді оқуға қабылдау жүзеге асырылсын.	<i>Біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту орталығының директоры А.А.Семченко Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлына Институт директорлары</i>	10.05.2019
5	Екінші жоғары білім мамандықтарына қабылдау емтихандары жазбаша түрде жүргізілуіне байланысты әрбір білім бағдарламалары бойынша қабылдау емтихандарының сұрақтары кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітілсін.	<i>Институт директорлары Кафедра меңгерушілері</i>	15.05.2019
6	Магистратура және докторантура мамандықтарына түсуші үміткерлер үшін әрбір кафедра арнайы қабылдау	<i>Институт директорларына, кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының</i>	15.06.2019

	емтихандарының бағдарламаларын білім бағдарламалары бойынша дайындап университет сайтына орналастыруын қамтамасыз етілсін.	директоры Н.Әуесбекұлы	
7	2019/2020 оқу жылына талапкерлерді қабылдауға қатысты барлық ақпараттық-жарнамалық материалдарды университет сайтында және Instagramm, Facebook, VK сияқты әлеуметтік желілерде өз уақытында жариялануы қадағалансын.	Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы	үнемі
8	Сәуір айындағы Ғылыми кеңеске 2019/2020 оқу жылына білім алушыларды күндізгі және күндізгі қысқартылған оқу түрлеріне қарастырылатын жеңілдіктері және оқу төлемақысының көлемі туралы ақпарат дайындалсын.	Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы	20.04.2019

3. *Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры К.П.Сұлтанбековтың* «Университеттің оқу ғимараттарында және жатақханаларында жөндеу жұмыстарының жоспары туралы» ақпаратын тыңдай отырып,

РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	<i>Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры К.П.Сұлтанбековтың</i> «Университеттің оқу ғимараттарында және жатақханаларында жөндеу жұмыстарының жоспары туралы» ақпараты – назарға алынсын.		
2	Университеттің оқу ғимараттарында және жатақханаларында жөндеу жұмыстары жоспарланған мерзімінде аяқталуы қадағалансын.	<i>Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры К.П.Сұлтанбеков</i>	31.08.2019

IV. Берілген шешімдердің орындалуын қадағалау бірінші проректор *М.А.Бектемесовке* жүктелсін.



Ректорат төрағасы

Бас ғалым хағы

Т.Балықбаев

Т.Балықбаев

Ж.Сейсенбаева

Ж.Сейсенбаева